

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

---

---

"Қазақстан қор биржасы" АҚ  
Басқармасының шешімімен  
(2016 жылдың 08 қаңтарындағы  
№ 2 отырыс хаттамасы)

**б е к і т і л д і**

2016 жылдың 08 қаңтарынан бастап  
**қолданысқа енгізілді**

## Листингтік компанияларды жыл сайынғы марапаттау **ЕРЕЖЕЛЕРІ**

---

---

Алматы қ.

2016

Осы ережелер, бағалы қағаздар нарығында өзі және өз қызметі туралы ақпаратты ашу жағынан іскерлік тәлімнің ең үздік үлгілерін көрсеткен, (шығарған бағалы қағаздары "Қазақстан қор биржасы" АҚ ресми тізіміне енгізілген) листингілік компанияларды жыл сайынғы марапаттау шарттары мен тәртібін анықтайды.

1. Осы Ережелерде Листингілік ережелерде анықталған ұғымдар қолданылған.
2. Листингілік компаниялардың жыл сайынғы марапаттауы (бұдан әрі – марапаттау) аяқталған күнтізбелік жылдың нәтижелері бойынша, Биржаның пікірі бойынша ең үздіктерді, дизайны мен мазмұны Биржамен анықталған, "Айқындыққа ұмтылысы үшін" дипломдарымен марапаттау арқылы жүзеге асырылады.
3. Марапаттау листингілік компаниялардың келесі топтарында жүзеге асырылады:
  - 1) экономиканың қаржы секторындағы листингілік компаниялар<sup>1</sup>;
  - 2) экономиканың қаржылық емес секторындағы листингілік компаниялар<sup>1</sup>.
4. Осы Ережелердің 3 тармағында белгіленген топтардың әрқайсысында ең көбі екі листингілік компания марапатталады.
5. Марапатталатын листингілік компанияларды, негізгі функциясы листингілік компаниялардың ақпараттарды ашуына мониторингін жүргізу болып табылатын, Биржаның құрылымдық бөлімшесі анықтайды, (соңынан Биржа Басқармасының бекітуімен) сараптаушылық әдіспен, мынадай мәліметтердің негізінде:
  - 1) листингілік компаниялардың Листингілік ережелерді және листингілік келісім-шарттың талаптарын орындауы:

мерзімдік есеп берушіліктің – жылдық және тоқсандық (соның ішінде қаржылық есеп берушілік пен ол бойынша аудиторлық есептердің) толық құрастырылуы және уақытылы Биржаға ұсынылуы;

өзінің ағымдағы қызметі туралы ақпараттардың уақытылы және толық ашылуы;

инвесторлардың мүдделеріне ықпалы бар, уақиғалар туралы ақпараттардың уақытылы және толық ашылуы;
  - 2) листингілік компаниялардың Листингілік ережелердің және листингілік келісім-шарттардың өзі және өз қызметі туралы ақпараттарды ашу бойынша талаптарын орындамағаны немесе уақытылы орындамағаны үшін ықпалшаралардың қолданылғаны (қолданылмағаны);
  - 3) листингілік компаниялардың өзі және өз қызметі туралы ақпараттарды ашу бойынша бастамашылығы.
6. осы Ережелерге сәйкес "Айқындыққа ұмтылысы үшін" дипломдарымен марапатталған листингілік компаниялар өз жарияланымдары мен жарнамалық материалдарында осы дипломдардың суретін және оларға сілтемелерді қолдануға құқылы.

Басқарма Төрағасы

Е.А. Біртанов

---

<sup>1</sup> Global Industry Classification Standard (GICS®) классификаторына сәйкес.